

Бәйдібек ауданында ойын бизнесін жүргізуші кәсіпкерлерге бірыңғай салық ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2009 жылғы 17 ақпандағы N 16/94 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 12 наурызда N 14-5-73 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 34/182 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 28.01.2015 № 34/182 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 10 желтоқсан 2008 жылғы N 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 422 бабының 1, 2 тармақтарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Бәйдібек ауданында ойын бизнесін жүргізуші кәсіпкерлерге бірыңғай салық ставкалары осы шешімнің 1 қосымшасына сай бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы:

О. Мыңғышев

Мәслихат хатшысы:

Т. Дүйсенбеков

Аудандық мәслихаттың 2009
жылғы 17 ақпандағы N 16/94

шешімімен бекітілген 1 қосымша

Бәйдібек ауданында ойын бизнесін жүргізуші кәсіпкерлерге бірыңғай салық ставкалары

Ескерту. 1-Қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2010.06.03 N 33/186 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

№	Салық салу объектісінің атауы	Бірыңғай тіркелген салықтың базалық ставкалары (АЕК)
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	6
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	10
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2

4.	Бильярд үстелі	10
----	----------------	----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК